

## Мал дәрігерлік шараларын жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 7 тамыз N 371

Адамдардың, ауыл шаруашылығы және үй жануарларының құтырыну ауруы жағдайларының жиілеп кетуіне байланысты және жағдайды тұрақтандыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

жануарлар арасындағы құтырыну ошақтарында жедел мал дәрігерлік шараларын жүргізуі қамтамасыз етсін;

ауыл шаруашылық, жабайы жануарлар арасындағы құтырынудың барлық анықталған ошақтарын есепке алсын, жергілікті өкімет және денсаулық сақтау органдарын дер кезінде хабардар етсін;

ауыл шаруашылық және үй жануарларының құтырынуына қарсы алдын ала егу жүргізуді атқаруды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігін және Орман шаруашылығы комитетін аласталуға тиісті жануарлар түрлерін көрсете отырып құтырыну жөніндегі ошақтардың аумақтары туралы жүйелі түрде хабардар етіп отырсын.

2. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сәйкес барлық аң пайдаланушыларды тарта отырып облыс өкімдері осы мақсаттарға бөлген қаржы есебінен тулкінің, қарсақтың және басқа жыртқыш жануарлардың онтайлы санын аңшылық алқаптарда сақтаудың, сондай-ақ кезбе иттерді, қасқырлар мен шибөрілерді барынша қысқартудың практикалық шараларын әзірлең, жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жануарлар санын реттеу бойынша өткізілетін аңшылық шаруашылығы шараларына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі халық арасындағы құтырыну ошақтарында алдын алу және індектеке қарсы шараларды жедел өткізууді қамтамасыз етсін.

5. Облыстардың және Алматы қаласының өкімдері халықтың және жануарлардың құтырынумен ауруына жол бермеуге және азайтуға, оның ішінде:

ауланған әрбір жыртқыш үшін тиісті сыйлық беруді, сондай-ақ адамдар мен жануарлар құтырынуының алдын алу үшін антирабикалық вакциналар мен гамма-глобулиндер сатып алуды көздей отырып құтырыну ошақтарындағы жабайы жануарлар (қасқыр, тұлкі, шибөрі, қарсақ және басқа) санын реттеуді жүзеге асыру

үшін қаржы бөлу жөніндегі мәселелерді шешуге;

елді мекендерде және одан тысқары жерлерде кезбе иттер мен мысықтарды, оларға сыйақы төлеуді белгілей отырып, аулау мен жоюды ұйымдастыруға;

қалалар мен елді мекендерде иттерді есепке алуды, паспорттауды және ұстауды реттеуге бағытталған өткір әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық шараларды әзірлеп, бекітетін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне, "Қазақстан телевизиясы мен радиосы" Республикалық корпорациясына халық арасында санитарлық-алдын алу және түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу дікіттамасыз ету, мамандар мен ғалымдарды қатыстыра отырып құтырыну және оның алдын алу шаралары туралы бірқатар әңгімелесулер мен репортаждар әзірlep, жариялау, эфирге шығару міндеттелсін және Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттікке ұсынылатын болсын.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК